

Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қоры туралы ережені бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 17 қараша N 1590.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.07.09. N 650 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қоры туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.
2. "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың Мемлекеттік қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 желтоқсандағы N 1447

P941447_

қаулысының 2-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 48, 542-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 17 қарашадағы
N 1590 қаулысымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік
қоры туралы

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қоры (бұдан әрі - Қор) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржылық сауықтыру, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларын орындау жөніндегі және оны машина жасау өнімімен лизинг негізінде жабдықтау жөніндегі шараларды жүзеге асырады. *

Ескерту: Қорға бөлінетін қаражат сатылатын ауыл шаруашылығы өнімінің бағасын қолдауға жұмсалуға тиіс.

2. Өз қызметінде Қор Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қор мекеме нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған дөңгелек мөрі болады және ол қолданылып жүрген заңдарға сәйкес банктерде шоттар ашуға және филиалдар ашуға құқылы.

4. Қордың негізгі міндеттері мыналар болып табылады: ауыл шаруашылығы секторында жүргізіліп жатқан құрылымдық өзгерістерді, асыл тұқымдандыру ісін, тұқым тануды дамытуды, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау жөніндегі шараларды, шағын және орташа агробизнестің, селодағы нарықтық инфрақұрылым объектілерінің қалыптасуын қаржылық қолдау; ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін сауықтыру шараларын қаржыландыру;

сауықтыруға жататын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржылық міндеттемелерін есепке алу және оларды сауықтырудың тәртібін айқындау;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қайтарымды негізде бұрын берілген қаражаттың Қордың балансына уақтылы түсудің қамтамасыз ету және бюджетке қайтарылуға жататын қаражатты аудару;

Ауыл шаруашылығын машина жасау өнімімен лизинг негізінде жабдықтау тәртібін әзірлеу;

қаржыландыруға қабылданған шаралардың орындалуына және ауыл шаруашылығында лизингті ұйымдастыруға бөлінетін қаражаттың мақсатқа сай жұмсалуына бақылау жасау;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің директивті және

орталықтандырылған несиелер бойынша Қордың балансына қабылданған берешектерін есепке алу және олардың республикалық бюджетке қайтарылуын қ а м т а м а с ы з е т у .

5. Қорды Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі тағайындайтын Директор басқарады.

6. Қ о р д ы ң Д и р е к т о р ы :

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне және Қаржы министрлігіне Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қорынан қаражат төлеудің тәртібін келісуге енгізеді;

аталған тәртіптің негізінде нақты ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қайтарымды (лизинг бойынша) және қайтарусыз негізде қаржылық көмек көрсету мәселелерін шешеді;

Қор есепке алған берешектерді өтеу, жүзеге асырылатын шараларды қаржылық қамтамасыз етудің көлемдері туралы ұсыныстар енгізеді;

б ұ й р ы қ т а р ш ы ғ а р а д ы ;

шарттар, оның ішінде еңбек шарттарын жасасады;

б а н к т е р д е ш о т т а р а ш а д ы ;

белгіленген тәртіппен есепке алу мен есептілікті ұйымдастырады;

Қордың мүдделерін білдіреді;

Қордың қызметімен байланысты басқа да мәселелерді шешеді.

7. Республикалық бюджет қаражаты, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен Қордың қаражатын пайдаланғаны үшін алынатын проценттер, Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да түсімдер Қорды қалыптастыру көздері болып табылады.

8. Қордың қаржыландыру Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады және ол мыналарды көздейді:

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің төлем қабілетін қалпына келтіру және олардың тиімді шаруашылық қызметін қолдау;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін санациялау жөніндегі шаралар шеңберінде қаржылық көмек көрсету;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін машина жасау өнімімен лизинг ш а р т ы б о й ы н ш а ж а б д ы қ т а у .

Қайтаруға жататын қаражатты лизинг бойынша төлеу Қордың, лизинг берушілердің және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің арасында жасалатын шарттардың негізінде жүргізіледі.

9. 4-тармақта көрсетілген шараларды қаржыландыру қайтарымды (лизинг бойынша) және қайтарусыз негізде Қордан қаражат төлеу тәртібіне сәйкес ж ү р г і з і л е д і .

Қорға берешегі бар ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен қажетті ақпарат пен есеп алуға, қолданылып жүрген заңдардың шеңберінде борышты төлеттіру жөніндегі шаралардың тәртібін белгілеу және оларды қабылдау, қажет болған жағдайда борышкерлердің есебінен олардың қызметіне және бөлінген қаражаттың, оның ішінде лизинг негізінде бөлінген қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуына аудиторлық тексерулер мен тексерістер тағайындауға; меншік иесі Қордың балансына берген мүлікті жедел басқаруға құқығы бар.

11. Жекелеген ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің Қордың 4-тармақта көрсетілген шараларды қаржыландыруға бөлінген қаражатының мақсатқа сай пайдаланылмауына жол бергені, борыштық міндеттемелерді өтеу кестесін орындамағаны, сондай-ақ олардың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізе алмайтыны анықталған кезде Қор оларға қаржылық көмек көрсетуді тоқтатады және бұрын бөлінген қаражатты және ол бойынша проценттерді қайтару жөнінде ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы .

12. Қор өз қызметі туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің алдында тоқсан сайын есеп береді.

13. Осы Ережемен реттелмеген мәселелерді Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе о т ы р ы п ш е ш е д і .